

Ж. Саметова¹, Ш.Б. Саткенова^{2*}, Ш.А. Шортанбай³

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

^{2,3} Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹zhanagul.sametova@gmail.com, ²s.satkenova85@mail.ru, ³shokhan.shortanbaev@gmail.com

ORCID: ¹10000-0002-9481-4579 ²0009-0003-9585-1886,

³<https://orcid.org/0000-0002-6265-0901>

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ КӨРКЕМДІК ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ЖАҢА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ПАРАДИГМАЛАР

Аңдатпа. Бұл мақаланың мақсаты – тәуелсіздік кезеңіндегі қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістерді ұлттық дәстүр мен жаһандық әдеби үдерістердің өзара ықпалдастығы аясында кешенді түрде зерттеу. Зерттеудің негізгі ғылыми идеясы қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ойлаудың трансформациясы модернизмдік, сюрреалистік және постмодернизмдік эстетикалардың тоғысында жүзеге асып, жаңа типтегі әдеби сананың қалыптасуына және жанрлық формалардың жаңаруына алып келеді деген тұжырымға негізделеді. Мақалада қоғамдық және рухани өзгерістерді жедел бейнелейтін динамикалық жанр ретінде әңгіме жанрының даму үрдістері талданады. Сонымен қатар адам болмысының дағдарысы, жатсыну, жалғыздық, ішкі монолог, сана ағымы, сондай-ақ мифопоэтикалық модельдер мен архетиптік образдардың белсенді қолданылуы сияқты көркемдік құбылыстар қарастырылады. Зерттеу барысында қазіргі қазақ қаламгерлерінің шығармаларындағы фрагментті композиция, интертекстуалдылық, мағыналық көпқабаттылық, символизм және ашық финал ерекшеліктері айқындалады. Автор дәстүр мен жаңашылдықтың арақатынасын талдай отырып, ұлттық әдебиеттің өз болмысын сақтай отырып, әлемдік көркемдік кеңістікпен сабақтас дамып отырғанын көрсетеді. Зерттеудің әдіснамалық негізін герменевтикалық, салыстырмалы-типологиялық және тарихи-әдеби әдістер құрайды, бұл алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді. Жұмыстың ғылыми маңызы қазіргі қазақ прозасының даму заңдылықтарын тереңірек түсіндіруге және оның жаһандық мәдени кеңістіктегі орнын айқындауға бағытталған. Практикалық маңызы зерттеу нәтижелерін әдебиеттану саласында оқыту үдерісінде және ғылыми зерттеулерде қолдану мүмкіндігімен анықталады. Зерттеу қорытындысында қазіргі қазақ әңгімелері дәстүрлі көркемдік ойлау мен жаңа эстетикалық бағыттардың синтезін көрсететін, ұлттық әдебиеттің сапалық жаңа деңгейге көтерілгенін айқындайтын маңызды құбылыс екені тұжырымдалады.

Кілт сөздер: әңгіме жанры, модернизм, постмодернизм, неомифологизм, архетип, интертекстуалдылық, көркемдік ізденіс.

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Ж. Саметова, Ш.Б. Саткенова, Ш.А. Шортанбай. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік трансформация және жаңа эстетикалық парадигмалар // "Керуен". - 2026. №2, (91-том). - Б. 153-170. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2026.2-10>.

Zh. Sametova¹, Sh. Satkenova^{2*}, Sh.Shortanbay³

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

^{2,3}Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹zhanagul.sametova@gmail.com, ²s.satkenova85@mail.ru,

³shokhan.shortanbaev@gmail.com

ORCID: ¹10000-0002-9481-4579 ²0009-0003-9585-1886, ³<https://orcid.org/0000-0002-6265-0901>

ARTISTIC TRANSFORMATION AND NEW AESTHETIC PARADIGMS IN CONTEMPORARY KAZAKH SHORT STORIES

Abstract. The purpose of this article is to comprehensively examine artistic explorations in contemporary Kazakh short stories of the independence period within the framework of the interaction between national traditions and global literary processes. The main scientific idea of the study is that the transformation of artistic thinking in modern Kazakh prose occurs at the intersection of modernist, surrealist, and postmodern aesthetics, leading to the formation of a new type of literary consciousness and the renewal of genre forms. The article analyzes the development trends of the short story as a dynamic genre that reflects social and spiritual changes. Particular attention is paid to such artistic phenomena as the crisis of human existence, alienation, loneliness, internal monologue, stream of consciousness, as well as the active use of mythopoetic models and archetypal images. The study identifies key poetic features in the works of contemporary Kazakh writers, including fragmented composition, intertextuality, multilayered meanings, symbolism, and open endings. The author examines the relationship between tradition and innovation, demonstrating that national literature preserves its identity while simultaneously integrating into the global literary space. The methodological framework of the research is based on hermeneutic, comparative-typological, and historical-literary methods, ensuring the validity of the findings. The scientific significance of the work lies in deepening the theoretical understanding of the development of contemporary Kazakh prose and determining its place in the global cultural context. The practical significance is associated with the possibility of applying the results in teaching and further scholarly research. The study concludes that contemporary Kazakh short stories demonstrate a synthesis of traditional artistic thinking and new aesthetic strategies, indicating a qualitatively new stage in the development of national literature.

Keywords: short story, modernism, postmodernism, neomythologism, archetype, intertextuality, artistic exploration.

Ж.Саметова¹, Ш.Б. Саткенова^{2*}, Ш.А. Шортанбай³

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

^{2,3} Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹zhanagul.sametova@gmail.com, ²s.satkenova85@mail.ru,

³shokhan.shortanbaev@gmail.com

ORCID: ¹10000-0002-9481-4579 ²0009-0003-9585-1886, ³<https://orcid.org/0000-0002-6265-0901>

ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ И НОВЫЕ ЭСТЕТИЧЕСКИЕ ПАРАДИГМЫ В СОВРЕМЕННЫХ КАЗАХСКИХ РАССКАЗАХ

Аннотация. Целью данной статьи является комплексное исследование художественных поисков в современных казахских рассказах периода независимости в контексте взаимодействия национальной традиции и глобальных литературных процессов. Основная научная идея работы заключается в том, что трансформация художественного мышления в современной казахской прозе происходит на стыке модернистских, сюрреалистических и постмодернистских эстетик, что приводит к формированию нового типа литературного сознания и обновлению жанровых форм. В статье анализируются ключевые тенденции развития рассказа как одного из наиболее динамичных жанров, отражающих

духовные и социальные изменения общества. Особое внимание уделяется таким художественным феноменам, как кризис человеческого бытия, отчуждение, одиночество, внутренний монолог, поток сознания, а также активное использование мифопоэтических моделей и архетипических образов. В работе рассматриваются произведения современных казахских писателей, в которых выявляются особенности фрагментарной композиции, интертекстуальности, многослойности смыслов, символизма и открытого финала. Автор статьи обращается к проблеме соотношения традиции и новаторства, показывая, что национальная литература не утрачивает своей самобытности, а, напротив, обогащается за счет включения в мировой художественный дискурс. Методологическую основу исследования составляют герменевтический, сравнительно-типологический и историко-литературный методы, обеспечивающие достоверность полученных выводов. Научная значимость работы заключается в уточнении теоретических представлений о развитии современной казахской прозы и выявлении её места в глобальном культурном пространстве. Практическая значимость исследования состоит в возможности использования его результатов в преподавании современной литературы и в дальнейших научных изысканиях. В результате исследования делается вывод о том, что современные казахские рассказы демонстрируют синтез традиционного художественного мышления и новейших эстетических стратегий, что свидетельствует о качественно новом этапе развития национальной литературы.

Ключевые слова: рассказ, модернизм, постмодернизм, неомифологизм, архетип, интертекстуальность, художественные поиски.

1. Кіріспе

XXI ғасыр – адамзат өркениетінің ақпараттық-технологиялық серпіліс кезеңі ғана емес, ұлттық руханияттың жаңа сапалық межеге көтерілу дәуірі. Жаһандану үдерісі күшейген заманда ұлттық мәдениет пен көркем ойлау жүйесінің өзіндік болмысын сақтау, сонымен бірге әлемдік эстетикалық кеңістікпен үндесу мәселесі айрықша өзекті сипат алып отыр. Бұл жағдай сөз өнерінің барлық жанрларына, соның ішінде қазіргі қазақ әңгімелеріне де тікелей ықпал етуде. Әңгіме жанры – қоғамдық санадағы өзгерістерді жедел бейнелейтін, көркемдік эксперименттерге икемді, ықшам форма арқылы терең идеялық-философиялық мазмұнды жеткізе алатын жанр. Сондықтан бүгінгі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістерді саралау – ұлттық әдеби дамудың бағыт-бағдарын айқындауда маңызды міндеттердің бірі.

Тәуелсіздік кезеңінен бастап ұлттық әдебиетке жаңаша методологиялық тұрғыдан қарау үдерісі жанданды. Кеңестік кезеңде үстем болған бір ғана социалистік реализм әдісінің аясында бағаланған шығармашылық тәжірибе енді тәуелсіз сана тұрғысынан қайта қарастырыла бастады. Әдебиет теориясындағы «ағым», «бағыт», «көркемдік әдіс», «стиль» ұғымдары жаңаша пайымдауды қажет етті. Академик Зейнолла Қабдолов әдеби ағымды стильмен салыстыра отырып, стильдің даралық сипатқа, ал ағымның ортақ көркемдік ұстанымға негізделетінін атап көрсеткен еді. Ал Рымғали Нұрғали модернистік ізденістерді біржақты терістеуден арылып, олардың философиялық негізін тануға шақырды. Бұл пайымдар ұлттық әдебиеттегі көркемдік құбылыстарды кең ауқымда зерделеудің қажеттігін аңғартады.

Әдеби бағыттар мен ағымдар теориясының ұлттық топырақтағы қалыптасу тарихына көз жүгіртсек, XX ғасыр басындағы әдеби-теориялық пікірталастардың маңызы ерекше. Мұхтар Әуезов 1920-жылдары-ақ қазақ сөз өнеріндегі «сезімшілдік, сыршылдық (романтизм) дәуірі» туралы пікір айтып, ішкі рухани әлемге үңілу тенденциясын айқындады. Жүсіпбек Аймауытов әдебиеттің еркіндігін, көркемдік әдістердің сан алуандығын қорғап, ұлттық сөз өнерінің табиғи эволюциясын ғылыми

тұрғыда пайымдауға ұмтылды. Бұл ой-толғамдар әдеби ағымдар мен көркемдік әдістердің ара-жігін ашуға бағытталған алғашқы теориялық қадамдар еді.

Кеңестік кезеңде әдебиеттегі романтизм, символизм, сентиментализм, натурализм сияқты ағымдардың табиғаты толық әрі объективті бағасын ала алмады. Ал тәуелсіздік жылдары бұл бағытта бірқатар зерттеулер жүргізіліп, ұлттық әдебиеттегі модернистік және постмодернистік ізденістерге назар аударыла бастады. Дегенмен, әдеби ағымдар мен көркемдік әдістердің қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көрінісі жүйелі түрде арнайы нысан етіліп, кешенді талданды деу әлі ертерек. Әсіресе шағын жанр аясындағы стильдік құбылыстар, баяндау тәсілдерінің трансформациясы, мифопоэтикалық модельдер, интертекстуалдық ишаралар, психологиялық тереңдік, фрагментарлық құрылым секілді көркемдік белгілерді әдеби бағыттар теориясымен сабақтастыра қарастыру қажеттілігі айқын сезіледі.

Қазіргі қазақ әңгімелері – ұлттық көркем ойдың жаңа сапалық деңгейін танытатын эстетикалық кеңістік. Бұл кеңістікте дәстүр мен жаңашылдық тоғысады; реалистік бейнелеу жүйесі модернистік және постмодернистік элементтермен қабат өріледі; кейіпкердің ішкі әлеміне үңілу, уақыт пен кеңістік категорияларын шартты түрде игеру, символдық образдар арқылы философиялық ой айту секілді ізденістер белсенді көрініс табады. Мұндай құбылыстарды әдеби бағыттар мен ағымдар теориясы тұрғысынан зерделеу – бүгінгі әдеби үдерістің табиғатын тереңірек тануға мүмкіндік береді (Абдуллина, 2026).

Осы мақалада қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістер әдеби ағымдар мен бағыттар теориясының аясында қарастырылып, жанрдың идеялық-эстетикалық эволюциясы, стильдік ерекшеліктері мен бейнелеу тәсілдері талданады. Зерттеудің мақсаты – қазіргі қазақ әңгімелерінің көркемдік болмысын айқындап, ұлттық әдеби дамудың жаңа кезеңіндегі эстетикалық бағдарларды ғылыми тұрғыда пайымдау.

2. Материалдар мен әдістер

2.1. Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысында қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістерді жан-жақты саралау мақсатында тарихи-кешенді, салыстырмалы, сипаттамалы, мәтіндік (герменевтикалық), құрылымдық және интерпретациялық талдау әдістері кешенді түрде қолданылды. Тарихи-кешенді әдіс арқылы тәуелсіздік кезеңінен бергі әдеби үдерістің даму логикасы, қоғамдық-әлеуметтік өзгерістердің әңгіме жанрына ықпалы және дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы қарастырылды. Салыстырмалы-талдау тәсілі қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік үрдістерді бұрынғы ұлттық проза үлгілерімен және әлем әдебиетіндегі модернистік, постмодернистік бағыттармен сабақтастыра зерттеуге мүмкіндік берді, соның негізінде ұлттық және жаһандық эстетикалық құбылыстардың өзара ықпалдастығы айқындалды. Сипаттамалы әдіс арқылы қазіргі әңгімелерге тән тақырыптық-идеялық бағдарлар, кейіпкер болмысы, баяндау формалары мен стильдік ерекшеліктер жүйеленді. Мәтіндік (герменевтикалық) талдау әдісі шығармалардың идеялық-көркемдік құрылымын, композициялық тұтастығын, поэтикалық тілін, символдық және психологиялық иірімдерін терең зерделеуге негіз болды. Құрылымдық талдау сюжет пен фабула арақатынасын, уақыт пен кеңістік категорияларының берілу ерекшеліктерін анықтауға бағытталса, интерпретациялық әдіс мәтіндегі астарлы мағыналар

мен авторлық концепцияны ашуға мүмкіндік берді. Аталған әдістердің өзара сабақтастықта қолданылуы қазіргі қазақ әңгімелерінің көркемдік табиғатын ғылыми тұрғыда тұтастай пайымдауға жағдай жасады.

2.2. Материалға сипаттама

Зерттеу мақаласында материал ретінде тәуелсіздік кезеңінен бергі қазіргі қазақ прозасындағы модернистік, сюрреалистік, мифопоэтикалық және постмодернистік сипаттағы әңгімелер алынды. Негізгі талдау нысаны ретінде соңғы онжылдықтарда жарық көрген және көркемдік ізденісі айқын байқалатын қаламгерлердің шығармалары қарастырылды. Атап айтқанда, Роза Мұқанованың «Тұтқын» әңгімесі, Мадина Омарованың «Жұмбақ» шығармасы, Алмаз Мырзахметтың «Жазушы жазбасы», Асқар Алтайдың «Түсік», Мұхтар Мағауиннің «Қасқыр – Бөрі», Дәурен Қуаттың «Тас монша», Думан Рамазанның «Көш» секілді туындылары мәтіндік талдаудың өзегіне айналды. Бұл шығармаларда адам болмысының дағдарысты күйі, жатсыну құбылысы, ішкі монолог, түс пен елес, галлюцинациялық көріністер, мифтік трансформация, архетиптік образдар (бөрі, кентавр, көш т.б.), сондай-ақ фрагментті құрылым мен ашық финал секілді поэтикалық белгілер айқын көрініс табады.

Материалдарды іріктеуде олардың қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік экспериментті, жанрлық трансформацияны және дүниетанымдық өзгерістерді көрсету мүмкіндігі басшылыққа алынды. Әңгімелер түпнұсқа мәтіндер негізінде қарастырылып, заманауи әдеби журналдар мен авторлық жинақтардағы басылымдары салыстырыла пайдаланылды. Сонымен қатар зерттеу барысында қазақ әдебиеттануындағы модернизм мен постмодернизм мәселесін арнайы қарастырған ғалымдар – Бакытжан Майтанов, Жанғара Жарылғапов, Айгүл Ісімақова, Дандай Ысқақ және т.б. зерттеушілердің еңбектері теориялық-әдіснамалық негіз ретінде алынды. Аталған ғылыми еңбектерде қазіргі прозадағы мифологизм, архетип, интертекстуалдылық, көпдауыстылық, авторлық «меннің» көмескіленуі сияқты құбылыстар жүйелі түрде сараланып, ұлттық әдебиеттің әлемдік көркемдік үдеріс контекстіндегі орны айқындалады.

Зерттеу сондай-ақ халықаралық әдеби-эстетикалық дискурсты да ескереді. Модернизм мен сюрреализмнің теориялық негіздері Зигмунд Фрейдтің психоанализ ілімімен, Анри Бергсонның интуиция философиясымен, ал постмодернистік мәтін табиғаты Хорхе Луис Борхес шығармашылық тәжірибесімен сабақтастықта қарастырылды. Осылайша, қазіргі қазақ әңгімелерін талдау ұлттық әдеби материалды әлемдік эстетикалық бағыттармен салыстыра зерделеуге мүмкіндік береді.

Аталған көркем және ғылыми дереккөздер зерттеу жұмысының эмпирикалық әрі теориялық базасын құрап, қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістердің мазмұндық, құрылымдық және поэтикалық ерекшеліктерін кешенді түрде саралауға негіз болды.

3. Талқылануы

Қазіргі қазақ прозасындағы модернистік ағымдарды қарастыру ұлттық әдебиетті әлемдік көркемдік үдерістен бөліп алмай, тұтастықта тануды талап етеді. Модернизм – тек әдеби құбылыс ғана емес, XX ғасырдағы рухани дағдарыс, дүниетанымдық өзгеріс және адам санасының жаңаша бағдар алуымен байланысты туған кешенді

эстетикалық құбылыс. Еуропалық мәдени кеңістікте қалыптасқан бұл ағым уақыт өте келе түрлі ұлттық әдебиеттерге, соның ішінде қазақ прозасына да ықпал етті. Зерттеушілер модернизмнің бастауын әрқилы кезеңдермен байланыстырғанымен, оның басты сипаты – шындықты тікелей бейнелеуден гөрі адам санасының терең иірімдерін, болмыстың күрделілігін, өмірдің мәнін субъективті тұрғыдан пайымдауға ұмтылыс екені даусыз.

Қазақ әдебиеттануында модернизм мен постмодернизм мәселесі арнайы зерттеліп, олардың ұлттық прозадағы көрініс формалары айқындала бастады. Бұл бағытта Бақытжан Майтанов (Майтанов, 2004: 6) модернизмді жоғары шындық пен тұтастықты іздейтін көркемдік ұстаным ретінде бағаласа, Дүкен Мәсімханұлы (Мәсімханұлы, 2023) оны авангардтық, антидәстүршіл ағымдардың жиынтық атауы ретінде қарастырады. Ал Жанғара Жарылғапов (Жарылғапов, 2009: 258) қазақ прозасындағы модернизмнің кеңестік кезеңдегі рухани құндылықтарды қайта бағалау үдерісімен сабақтас дамығанын атап көрсетеді. Ғалымдардың пайымдауынша, модернистік поэтика ұлттық прозада өмір шындығын хаос пен абсурд кеңістігі ретінде тану, жатсыну құбылысын бейнелеу, сана ағымы мен ішкі монологқа басымдық беру, мифологизм мен архетиптік образдарды жаңаша игеру арқылы көрініс тапты.

Сюрреализм (фр. *surréalisme* – «жоғары реализм», «асқан шындық») – модернистік өнер аясында қалыптасқан бағыттардың бірі. Бұл ағымның қалыптасуына француз ақыны Гийом Аполлинердің идеялары ықпал еткені жиі айтылады. Сюрреализм XX ғасырдың алғашқы ширегінде Францияда пайда болып, дадаизмнен бастау алып, 1920-1930 жылдары Еуропа әдебиеті мен өнерінде кеңінен таралды. Кейін ол әлемдік мәдени дамуға елеулі әсерін тигізді. Аталған бағыттың теориялық негіздері Зигмунд Фрейдтің психоанализ ілімімен және Анри Бергсонның интуиция философиясымен сабақтасып жатыр. Сюрреалистер адам санасының терең қабаттарын, бейсаналық үдерістерді, интуитивтік қабылдауды және ішкі психологиялық күйзелістерді дәстүрлі көркемдік нормаларды бұзу арқылы бейнелеуге ұмтылды. Осы тұрғыдан алғанда, сюрреализмді шынайылықтың сыртқы көрінісінен гөрі оның астарлы, иррационалды табиғатын ашуға бағытталған эстетикалық қозғалыс ретінде қарастыруға болады. Адам санасында ғана болатын, адам сенгісіз құбылыстар жиынтығы. Бұдан келіп абсолютті ғажайыптар және адамдардың ғаламға деген эстетикалық қарым-қатынасы туындайды. «Ғажайыптан асқан ғажап нәрсе жоқ», – дейді (Андреев, 1972: 24).

Көркем шығармадағы сюрреалистік бейнелеулерде кейіпкерлердің өзара диалогы көбіне қорқыныш пен үрей атмосферасында беріледі. Мұндай құбылыстың түп негізін адамзат санасының алғашқы кезеңдеріндегі өз көлеңкесінен сескену сезімімен байланыстыратын пікірлер де бар. Ежелгі адамдар өз көлеңкесін көргенде, адам жаны екіге бөлінеді, яғни адамның бойында өзімен қатар жүретін, бірақ көзге көрінбейтін екінші «мені» бар деп түсінген. Сол «қосарланған болмыс» адамның өз-өзімен сөйлесуіне, сан түрлі сұрақтар қойып, әртүрлі әрекеттерге итермелейді деп сенген. Осы таным уақыт өте келе санада сақталып, көркем әдебиет пен өнерде «қосалқы» немесе «ұқсас бейнелер» туралы түсініктердің қалыптасуына негіз болды. Әдеби мәтінде бұл құбылыс кейіпкердің ішкі монологы мен диалогы түрінде көрініс тауып, психологиялық талдауда адамның өз ойымен оңашалануы, ішкі әлеміне үңілуі ретінде

сипатталады. Сюрреализмге тән негізгі белгілердің бірі – кейіпкерлердің түс көруі, елестер мен сандырақ күйдегі көріністер арқылы қоғамдағы алдағы дағдарыстарды астарлы түрде бейнелеуі. Мұндай тәсілдер арқылы автор оқырман санасына үрей мен алаңдаушылық сезімін жеткізуге ұмтылады. Уақыт өте келе бұл ерекшелік сюрреалистік поэтиканың тұрақты белгісіне айналды. Сонымен қатар, сюрреализмде қоғамдық өзгерістер тікелей суреттелмей, түс, елес немесе иррационалды көріністер арқылы ишараланады. Жазушы үшін басты мақсат – образдың сыртқы әсемдігінен гөрі, шығарманың оқырманға тигізетін психологиялық әсерін күшейту. Сондықтан мұндай туындыларды оқығаннан кейін оқырман ауыр, мазасыз күй кешуі мүмкін. Сюжеттегі тартыс та дәстүрлі үлгіде құрылмай, көбіне кейіпкердің ішкі қайшылығы, оның өз-өзімен күресі арқылы беріледі. Мысал ретінде Роза Мұқанованың «Тұтқын» әңгімесін атауға болады. Бұл шығарманың идеялық-философиялық мазмұнына үңілгенде, кезінде сюрреалистердің психиатриялық мекемелердегі науқастарды босатуды талап еткен қозғалыстары еске түседі. Себебі олар мұндай адамдарды қоғам қысымына ұшыраған тұлғалар ретінде қарастырған. Ал шын мәнінде, психикалық ауытқуы бар адамдардың бойында да қайталанбас даралық қасиет бар екені айқын байқалады. Р.Мұқанова кейіпкері – өзін ұлы санайтын, түрлі галлюцинациялық мезеттерге ұшырап отыратын, көз алдындағы елестің сөзін естіп, онымен барынша ақиқат күйде тілдесіп, дауласатын, сөгетін, қынжылатын бақытсыз дімкәс суретші. Аты аталмайды. Себебі – жиі кездесетін оқиға. Мұндай тұлғалар қалыптасқан қағидалар, этикет тәртіптерін сақтамаса да, дұрыс не қате ойланса да, бізге таныс өмірдегішынайы құбылыс екені анық. Көп нәрсе ырықсыздықпен, тысқарыланған пікір, сезім жүйесі немесе жүйесіздігімен сабақтас.

Шығармадағы суретшінің таңбалық белгісі – Әумесер. Әрине, бұл оның өзі тапқан емес, жұртшылық дауысын болжататын, сыртқы әлемдегі бағалау ұстанымдарын білдіретін есім. Сырт назарға мұндай ахуал - өрескел, қорқынышты әрі аянышты. Науқастың өзі ой, қиял дүниесі жағынан азат. Бұл ауытқыған шақтағы азаттық болуға тиіс. Өздері не өздерін тастап кеткен әлемге қатысты ескі әдет, дағды-машықтарын сақтауға ұмтылыс сәттері мүлде құрымаса керек.. Түсінуге қиын жұмбақ құбылысты қызықтай бедерлеуге ұмтылыс – дүниеден ақтық ақиқат іздеу мүмкін еместігін қолдайтын сюрреалистік бедерлеумен байланысты. Әумесер әрекет ететін уақыт пен кеңістікте сюрреализм ұстанымдарына сәйкес тұрақсыз, өзгермелі тұрғыда алынады. Қиял кеңістігінде кейіпкер кейде көшеде, кейде шеберханада жүргендей көрінеді; оны айналасындағы беймәлім «өзгелер» тілге тартып, ол да оларға жауап қатып, олардың кемшіліктерін ашық айтып, бетке басады. Осының бәрі сюрреалистік принциптердің қазіргі қазақ прозасында жетекші позицияна деген ұмтылыс деп білеміз.

Сюрреализмге тән айқын белгілер қазақ прозасында көркемдік экспериментке бет бұрған кейінгі буын қаламгерлерінің шығармаларында жиі ұшырасады. Бұл бағыттағы ізденістер М.Омарова, Қ.Мұбарак, А.Мырзахмет сынды жас жазушылардың туындыларынан анық байқалады. Атап айтқанда, Мадина Омарованың шығармаларын оқи бастаған сәттен-ақ қалыптасқан әдеби стереотиптердің бұзылып, жаңаша көркемдік ойлаудың орныға бастағанын аңғаруға болады. Оның «Жол

үстінде», «Жұмбақ», «Емші апа», «Құдайы тамақ», «Таң алдында», «Күзгі бір кеште» сияқты әңгімелері осының айғағы. Жазушының сюрреалистік сипатта жазылған туындыларының бірі – «Жұмбақ» әңгімесі. Шығарма бірінші жақтан баяндалып, оқырманды бірден психологиялық ширығу жағдайына енгізеді. Әңгіме желісі бойынша бас кейіпкерге достары телефон шалып, жол апатына ұшырағандарын айтып, көмек шақыруды өтінеді. Олар көпір маңында тұрғандарын да хабарлайды. Алайда кейіпкердің «Барлығың амансыңдар ма?» деген сұрағына «Жоқ, аман емеспіз» деген жауап берілуі оқырманға бірден күмән мен үрей ұялатады. Кейіпкер асығыс түрде жедел жәрдем мен құтқару қызметіне хабарласып, өзі де таксимен оқиға орнына жеткенде, достарының сол күні таңертең-ақ қайтыс болғанын біледі. Осы тұста басты сұрақ туындайды: кейіпкерге қоңырау шалған кім? Бұл – досының аруағы ма, әлде кейіпкердің санасындағы елес пе? Егер оны түс немесе қиял десек, онда жол апатының нақты болғаны бұл болжамды теріске шығарады. Ал егер тірі адамдармен сөйлесті десек, олардың әлдеқашан көз жұмғаны белгілі. Әңгіменің бүкіл жұмбақтығы мен сюрреалистік сипаты дәл осы екіұдай күйден туындайды. «Жұмбақ» әңгімесінде түн ортасындағы телефон қоңырауы, аруақпен байланыс орнату сияқты тылсым элементтер арқылы жазушы шынайылық пен қиялдың шекарасын әдейі бұлдыратып, оқырманды белгісіздік пен ішкі алаңдаушылық кеңістігіне жетелейді. Тылсым оқиғалар мен мистикалық элементтер фэнтезилік реңктен гөрі сюрреализм ұсынатын көркемдік талаптардың ерекшеліктері деген тұжырым жасаймыз. Осындайлық стиль өрнектері жас жазушы Алмаз Мырзахметтің неше әңгімелерінде кездеседі. Қаламгердің «Жазушы жазбасы» әңгімесінде реалды өмір мен кейіпкерлер әлемін контрастқа құра отырып өзіндік көркем антропология жасауға ден қояды. «Құлағымның түбіне демалып, қан ұйып қалған көздерін таңдана жұмып-ашып, шашымды иіскеп, мен қозғалған сәтте бұрышқа дыбыссыз жетіп барып, отыра қалатын шығар», – деп ойлап жатқанда ұйықтап кетіппін. Сол түні үйде жалғыз еместігімді түсіндім. Кейін ол қызды тағы көрдім, екі рет. Мүмкін көрмедім бе? Бірде әдеттегідей таңертен тамақтануға сыртқа шықтым да, әңгіменің ауанымен есікті кілттеуді ұмытқаным есіме түсіп, пәтерге қайтып барғанмын. Баспалдақпен көтеріліп келе жатқанда байқадым, кілт салатын ұңғыдан қап-қара көз жылтылдап қарап тұрды. Мен алғашында орнымда бөгеліп қалып, сосын түк байқамағансып келдім де, есікті кілттедім, сосын жедел баспалдақтарға қарай ұмтылған едім. Ендігәрі, пәтерге көтеріліп келе жатқанда құлыптың ұңғысына қарамайтын болдым. Мүмкін ол қарап тұрған шығар... Соңғы рет өрттің ішінен көргенмін» (Мырзахмет, 2013: 52). Бұл үзіндіде автор кейіпкердің ішкі психологиялық күйзелісін, қорқыныш пен белгісіздік сезімін сюрреалистік тәсілдер арқылы жеткізеді. Шынайылық пен елестің шекарасы жойылып, мәтінде иррационалды кеңістік қалыптасады, ал бұл өз кезегінде кейіпкер санасындағы үрей мен екіұдай күйді тереңдете түседі.

Модернистік әдебиеттің маңызды бағыттарының бірі саналатын сюрреализм қазіргі қазақ прозасының даму үдерісінде өзіндік орны бар көркемдік құбылыс ретінде танылады. Қаламгерлер адам санасының терең қабаттарындағы қайшылықтарды, психологиялық күйзелістерді, үрей мен алаңдаушылықты, таңданыс пен дағдарыс сәттерін шынайылықты әдейі бұрмалау арқылы бейнелеуге ұмтылады. Мұндай

тәсілдер өмір шындығын дәстүрлі түрде көрсету шеңберінен шығып, көркем ойлаудың жаңа формаларын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде сюрреалистік бейнелеу жүйесі қазақ прозасында жетекші бағытқа айналмаса да, оның көркемдік-эстетикалық дамуына елеулі ықпал етіп, шығармашылық ізденістердің аясын кеңейтті.

Қазіргі қазақ әңгімелерінің ерекшеліктерін сөз еткенде, кейінгі жылдардағы көркем ойлау бағдарынан мифтік бейнелеуге деген айрықша ұмтылыстарды байқар едік. Қазіргі таңда ежелгі мифтердің жаңа дәуір әдебиетінде қайта түрлену үрдісі байқалуда.

Мифологизм қазақ прозасында болмыс табиғатын, адам өмірінің мәнін философиялық тұрғыдан пайымдаудың маңызды тәсілі ретінде дамытылды. Осы тұрғыдан алғанда, неомифологизм құбылысы модернистік сипаттағы көркемдік ізденістерді толықтырып, тәуелсіз кезең әдебиетінде өзіндік орны бар бағыттардың біріне айналғаны байқалады (Жарылғапов, 2009: 254). Зерттеушілердің пікірінше, миф поэтикасы қазіргі әдебиетте уақыт пен кеңістік аясын кеңейтіп, мәдени символдар мен ассоциациялар жүйесін байыта түседі. Соның нәтижесінде бұрыннан белгілі архетиптік үлгілер жаңа мазмұнмен қайта жаңғырып, көркем мәтінде жаңа қызмет атқара бастайды (Ісімақова, 1998: 381-382). Сондай-ақ қазіргі қазақ қаламгерлері мифологиялық сюжеттер мен бейнелерді авторлық идеяны ашудың, көркемдік жүйені тереңдетудің тиімді құралы ретінде саналы түрде қолданады. Бұл ретте мифтік трансформация тәсілдері шығармашылық тұрғыдан жаңаша игеріліп, заманауи әдеби контексте дамытылуда (Аймұхамбетова, 1999: 54). Қазіргі зерттеулерде мифопоэтиканың көркем мәтіндегі нақты көріністері реминисценция, мотив, аллюзия, аллегория және дәйексөз сияқты формалар арқылы талданып, олардың құрылымдық және семантикалық қызметі жан-жақты қарастырыла бастады (Ғалиева, 2006: 32).

Миф көркем мәтіннің құрылымына сіңіп, белгілі бір дәрежеде өзгеріске ұшырайды және соның нәтижесінде көркемдік сипатқа ие болады. Осы трансформация үдерісі негізінде қалыптасатын мифопоэтикалық форма миф пен әдебиетті өзара байланыстыратын маңызды көркемдік механизм қызметін атқарады. Сонымен қатар, мифопоэтикалық құрылым көне архаикалық үлгілерді жай ғана қайталау емес, керісінше автордың дара шығармашылық ізденісінің нәтижесі ретінде көрінеді.

Модернистік прозада мифологиялық аллегорияның қызметі өзгеріп, ол шығарманың сыртқы құрылымынан гөрі ішкі мағыналық қабатына, терең семантикалық өзегіне қарай ығысты. Соның нәтижесінде оның жинақтаушылық мүмкіндігі кеңейіп, символдық мазмұны күрделене түсті. Мифологияға интеллектуалдық тұрғыдан жаңаша көзқарас қалыптасып, мифтік элементтерге жаңа эстетикалық сипат беру үрдісі күшейді. Бұл, түптеп келгенде, мифологизмнің көркем дүниетанымның өзегіне айналуымен тығыз байланысты. Қазақ прозасында айқын байқалған «мифологизация» үдерісі шығармалардың құрылымдық жүйесіне, бейнелеу тәсілдері мен баяндау формаларына елеулі өзгерістер енгізгені қазіргі зерттеулерде жиі атап өтіледі. (Бейбытова, 2002: 22-26).

Қазіргі қазақ прозасында жиі кездесетін мифологиялық образдардың бірі – кентавр бейнесі. Асқар Алтай шығармашылығындағы бұл образ жылқытекес

болмыс арқылы қазақтың рухани табиғатын, түркілік дүниетанымның негіздерін танытады. Қазақ үшін жылқы тек тұрмыстық мәнге ие жануар ғана емес, ұлттық болмыс пен мәдени кодтың ажырамас бөлігі. Осы тұрғыдан алғанда, кентавр образы еуропалық танымдағы көшпенділердің символы ретінде қабылданумен қатар, қазақ дүниетанымындағы архетиптік мәнге де ие. Автордың лирикалық кейіпкері осы ерекше болмыстың иесі ретінде кентавр бейнесіне еніп, көркем антропологиялық тұрғыда жаңаша сипат алады.

Қаламгердің «Кентавр» әңгімесін көркем антропология тұрғысынан қарастырғанда, шығарма өзегіне құлын кейпіндегі сәбидің дүниеге келуі алынғанын байқаймыз. Фантастикалық антропология элементтері көрініс тапқан шағын көлемді туындыда автор экологиялық мәселелерді, ата-аналық жауапкершілікті, өмірге деген құштарлықты және өзге де әлеуметтік-адамгершілік проблемаларды қатар қамтиды. Әңгіме атауының өзі – жартылай адам, жартылай жануар кейпіндегі бейнеге қатысты әлемдік әдеби дәстүрмен сабақтас.

Кейіпкердің ертегілік сипаттағы жылдам жетілуі мен мифологиялық пішіні шығарманың көркемдік әсерін күшейтіп, оған ерекше символдық реңк береді. Жазушы ұсынған туынды ертегі, миф және заманауи әңгіменің синтезі ретінде көрініп, фантастикалық антропология белгілерімен астасады.

Қазақ прозасында байқалған мұндай үрдістерді архетиптік тұрғыдан түсіндіруде зерттеушілер миф поэтикасының уақыт пен кеңістік аясын кеңейтіп, мәдени символдар мен ассоциациялар жүйесін байытатынын атап өтеді. Соның нәтижесінде бұрыннан белгілі архетиптік модельдер жаңаша мазмұнда қайта жанданып, қазіргі көркем мәтінде жаңа қызмет атқара бастайды. (Ісімақова, 1998: 381-382).

Дәурен Қуаттың «Тас монша» әңгімесіндегі мифтік бейнелеу ерекшеліктері назар аудартады. Аталмыш шығарма әлі де болса сыншылар тарапынан толық бағасын алып үлгерген жоқ. Десек те қаламгердің миф поэтикасына деген іш тартушылығы, поэтикалық түзілістегі мифологиялық реминисценцияладың мүмкіншіліктерін пайдалануда біршама жетістіктерге жете алған. Әңгімедегі Ақжан образы арқылы жазушы бүгінгі күннің, қоғамның рухани келбетін ашады. Зұлым пейіл дүлей топтың құрбаны болып, ары тапталған Ақжанның барлық әрекетінен сиқы кеткен қоғам мен рухани азған адамдарға деген қарсылық білінеді. Азғындық пен дүлей күш Ақжандай періште жаратылысқа аяушылық білдірмеді, шексіз азап шектірді, тәнін де, жанын да қинайды. Автордың көркемдік тәсілінде философиялық ой ағымы, мистикалық элементтер мен қиялға құрылған бейнелер шынайы өмір көріністерімен шебер ұштасып, тұтас бір эстетикалық кеңістік түзеді. Қаламгер аңыздық желі мен нақты болмыс арасындағы шекараны әдейі бұлдыратып, модернистік әдебиетке тән трагедиялық сананы – адамның абсолютті жалғыздығы идеясын көркемдік тұрғыдан тереңдетіп көрсетеді.

Жалпы қоғамдық болмыстағы, адам санасындағы түбегейлі өзгерістер мен метамарфозаларға үңілгенде кейінгі проза өкілдері архетипке көбірек иек артты. Мәселен, Думан Рамазанның «Көш» әңгімесіндегі көш архетипінің жаңа түрленуіне көз жеткіземіз. Онда ел тарихы түрлі ракурста алынып, мифтендіріліп, сакралданып бейнеленеді. Жазушы Б.Сарыбайдың «Ертегі» әңгімесінде фольклорлық сипат

тек композициялық құрылым мен стильдік деңгейде ғана емес, сонымен қатар кейіпкердің әрекеті мен дүниетанымына да тереңдей еніп, тұтас көркемдік жүйені айқындайды.

Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік тәсілдердің бірі – постмодернизм. Постмодернизм көрінісі ұлттық әдебиеттің ішкі эволюциясымен сабақтаса отырып, мәтін құрылымының фрагменттілігі, көпдауыстылық, интермәтіндік байланыстар мен авторлық позицияның көмескіленуі арқылы айқындалады. Профессор Бақытжан Майтанов атап өткендей, постмодернистік поэтика өмір құбылыстарын үлкен-кіші деп жіктемей, күнделікті тіршіліктің өзінен мән іздеуге бейім, ирония мен күмәнді жетекші эстетикалық ұстанымға айналдырады; бұл сипат қазіргі қазақ әңгімелерінде де байқалып, кейіпкер болмысы дәстүрлі моральдық өлшемдерден тыс, рухани дағдарыс, жатсыну, ішкі бытыраңқылық аясында ашылады. А.Ісмақова постмодернизмнің екіұштылық, көпмағыналық, уақыт пен кеңістіктің шарттылығы секілді белгілерін айқындаса, бұл үрдіс әңгіме жанрында хронологиялық тұтастықтың бұзылуы, “осы шақ” доминантты баяндау, мәтін ішіндегі мәтін тәсілдері арқылы көрініс табады. Зерттеуші Людмила Сафронова талдаған «оқырман-кейіпкер-автор» жүйесіндегі рөлдердің алмасуы да қазіргі әңгімелерде байқалып, авторлық «меннің» әлсіреуі мен интерпретация еркіндігі күшейеді. Ал Дандай Ысқақ сынды ғалымдар постмодернизмді ұлттық болмысқа сын ретінде қарастырғанымен, бүгінгі қазақ әңгімесі жаһандану жағдайында интертекст, реминисценция, пародиялық модус, ойын элементтері арқылы жаңа көркемдік кеңістік қалыптастырып, ұлттық әдебиеттің постмодерндік дискурспен өзара ықпалдастығын айғақтайды.

Аталған көркемдік тәсілмен жазылған қазіргі прозалық шығармалардың қатарынан Асқар Алтайдың «Түсік» әңгімесін ерекше атап өтуге болады. Шығарма композициялық тұрғыдан үш бөліктен тұрып, оның алғашқы бөлігі кіріспе сипатындағы авторлық баяндауға негізделген. Әңгімеде кейіпкердің түс көруі арқылы ерекше көркемдік кеңістік жасалады: ол өзін жатыр ішіндегі ұрық ретінде қабылдайды. Бұл жерде қарапайым физиологиялық бейне емес, кейіпкердің ішкі жан дүниесі мен психологиялық күйі символдық деңгейде көрініс табады. Түс мотиві шығармада маңызды семантикалық қызмет атқарады. Автор символды тікелей түсіндіруге ұмтылмай, оны мәтіннің астарлы қабатында сақтайды. Жатыр ішіндегі ұрық бейнесі оқырманға таныс болғанымен, оның көркемдік қызметі терең философиялық мазмұнмен астасады. Осылайша, түс элементі шығарманың идеялық өзегін айқындап, мәтіннің тұтастығын қамтамасыз ететін негізгі көркемдік құралға айналады.

«Түлен түртті пендені...

Түсінде түсік көрді. Түсік – түсік емес, түсікке айналған мұның өзі. Бармақтай ғана жан иесі екен. Ештеңемен ісі жоқ. Жөнімен жүзіп жүр. Жүзіп жүрген мекені – жатыр. Биттің қабығындай жұқа жатыр іші – жұмбақ әлем. Жұқа жарғақ жарылып кетердей толқып-толқып қояды. Жұмсақ құрсақ баяғы балалық шағында шаңырақта үрлеулі тұрған қарындай шайқала толқығанда, көгілдір әлемде балықтай жүзген бұл бесіктей тербеледі. Бірақ тұншықпайды. Емін-еркін тыныстайды» (Алтай, 2008: 124). Ары қарай шығармада түсік күйіне түскен кейіпкердің санасындағы алғашқы

ой-толғаныстар біртіндеп ашылады. Автор кейіпкердің өткен өмірін екінші бөлімде көрсету арқылы оның қазіргі жағдайға қалай жеткенін түсіндіреді. Кейіпкердің бұрынғы тіршілігі – еркін, жауапкершіліксіз өмір салты, моральдық тұрақсыздық пен нәпсіге ерік беру арқылы сипатталады.

Жазушы бұл тұсты ирония мен астарлы баяндау арқылы жеткізіп, кейіпкердің ішкі қайшылығын тереңдете түседі. Әсіресе оның екі әйелдің арасында қалуы, болашақ өмірге деген жауапкершіліктен қашуы шығарманың негізгі конфликтісін айқындайды. Шығармада оң мен түстің ара-жігі әдейі бұлдырланып, кейіпкердің психологиялық күйзелісі күшейтіледі. Ол қабылдаған шешім – түсік жасату – сыртқы әрекет қана емес, оның ішкі рухани дағдарысының көрінісі ретінде беріледі. Осы арқылы автор адам санасындағы моральдық таңдаулар мен олардың салдарын философиялық деңгейде пайымдайды. (Алтай, 2008: 125-126).

Автор бұл тұста кейіпкердің әйелі Санабике мен ашынасы Балкенже арасындағы диалог арқылы олардың Биболға деген көзқарасын ашық (эксплицитті) түрде жеткізсе, ал кейіпкердің болмысына қатысты өз авторлық ирониясын астарлап (имплицитті) береді. Диалог барысында әйелдің сөзінен Биболдың жауапсыз, жеңілтек әрекеттеріне деген ашу-ыза мен моральдық айыптау анық байқалады.

Кейіпкердің бұрынғы өмір салты мен жасаған әрекеттері көрсетілгеннен кейін, автор қайтадан оның түс әлеміндегі күйіне оралады. Осы сәттен бастап шығармада реалды өмір мен иррационалды кеңістік астасып, сюжеттік желі күрделене түседі. Түс көру арқылы берілген көріністер кейіпкердің ішкі жан дүниесіндегі күйзеліс пен рухани дағдарысты тереңдетіп көрсетеді.

Фантастикалық сипаттағы бұл эпизодта кейіпкер өзін «түсік» күйінде сезініп, жоғары күштен көмек сұрайды. Оның жалбарынысы арқылы адамның моральдық таңдауы, күнә мен жауапкершілік мәселелері көркемдік тұрғыдан айқындалады. Сонымен қатар, кейіпкердің қай әйелдің құрсағында екенін білмеуі және оқиғаның нақты шешімінің берілмеуі мәтінде белгісіздік эффектісін күшейтеді.

Шығарма соңында бұл жағдайдың анық жауабы ұсынылмайды, яғни автор шешімді оқырманның интерпретациясына қалдырады. Бұл – постмодернистік поэтикаға тән негізгі белгілердің бірі. Белгісіздік, көпмәнділік және күмән категориялары мәтіннің басты құрылымдық принципіне айналып, оқырманды белсенді ойлануға жетелейді.

Автор бұл эпизодта әке мен бала арасындағы тартысты символикалық деңгейде бейнелеп, оны жатыр ішіндегі екі «түсік» арасындағы қақтығыс арқылы көрсетеді. Кейіпкер бастапқыда екінші ұрықты өзімен егіз, жақын болмыс ретінде қабылдағанымен, көп ұзамай оның жат, тіпті жау бейнеге айналғанын аңғарады. Осы сәтте туындайтын қақтығыс кейіпкердің ішкі жан дүниесіндегі қайшылықтарды, моральдық күйзелісті тереңдете түседі. Жазушы тар кеңістік – жатыр бейнесін пайдалана отырып, оны сыртқы әлеммен аастастырады және кейіпкер санасында күрделі философиялық сұрақтарды туындатады. Оның қай құрсақта екенін білмеуі, екі түрлі өмірдің арасында қалуы – таңдау, жауапкершілік және кінә мәселелерін астарлап жеткізудің көркемдік тәсілі ретінде көрінеді. Сонымен қатар, ұрықтар арасындағы күрес кейіпкердің өз-өзімен ішкі тартысының көрінісі ретінде қабылданады. Бұл жерде физикалық қақтығыстан гөрі, психологиялық және

экзистенциалдық деңгейдегі дағдарыс алдыңғы қатарға шығады. Осы арқылы автор адамның санасындағы үрей, кінә және таңдау дилеммасын символикалық кеңістікте бейнелейді. (Алтай, 2008: 132-133). Осы тұста екі ұрықтың (түсіктің) арасында тартыс басталады. Соңында ұрыққа (түсікке) айналған пенденің сірі жаны сірне әлемге сылынып шығады. Автор уақыт пен кеңістікті көркем шығармада түрлі құбылтып, ерекше әдеби техникамен ойнатқанын анық көреміз.

Сонымен қатар шығармада қоғамдағы тастанды бала мәселесінің өзектілігі де астарлы түрде көтерілген. Автор ұрық бейнесіне енген кейіпкер арқылы әлеуметтік және моральдық сипаттағы күрделі мәселелерді көркемдік тұрғыда бейнелейді. Әңгіме соңында кейіпкердің өз дауысынан шошып, түс күйінен оянуы арқылы оқиға аяқталады. Шығарма финалында нақты қорытынды ұсынылмай, автор шешімді оқырманның интерпретациясына қалдырады. Мұндай ашық финал постмодернистік поэтикаға тән ерекшелік болып табылады, онда белгісіздік пен көпмәнділік негізгі эстетикалық принциптердің бірі ретінде көрінеді.

Постмодернистік поэтика элементтері көрініс тапқан шығармалардың бірі ретінде М.Мағауиннің «Қасқыр – Бөрі» әңгімесін атауға болады. Туынды жанрлық тұрғыдан әдеби эссеге жақын болғанымен, оның астарындағы идеялық-философиялық мазмұн әлдеқайда терең. Жазушы шығарманы дәстүрлі баяндау үлгісінде құрғанымен, постмодернизмге тән тәсілдерді ұтымды қолдана білген. Әңгімеде сырттай қарағанда қасқыр бейнесі сөз болғанымен, бұл – қарапайым жыртқыш аң емес, рухани-символдық деңгейде интерпретацияланған бөрі образы. Автор бұл арқылы ұлттық болмыс пен тарихи жадыны жаңғыртуға ұмтылады. Шығармада айқын белгісіздік басым болмаса да, оқырманды күмән мен ойға жетелейтін көпқабатты мағына сақталады. М.Мағауиннің көркемдік тәсілі әлемдік постмодернизм өкілдерінің тәжірибесімен үндеседі. Мәселен, Х.Л. Борхестің мәтінді қайта жазу, интертекстуалдық байланыстар орнату сияқты амалдары мұнда өзгеше сипатта көрініс табады. Жазушы бұрыннан белгілі мазмұнды жаңа контексте ұсынып, тарихи және қазіргі кезеңді параллель қоя отырып, ұлттық рухтың эволюциясын бейнелейді. Бұл тұрғыда шығармада параллелизм тәсілі маңызды рөл атқарып, оқырман санасына ықпал етудің тиімді құралына айналады. Сонымен қатар, бөрі бейнесі қазақ дүниетанымындағы тотемдік символ ретінде алынып, ұлттың рухани кодының көрінісі ретінде танылады. Автор бөріні тек күш немесе айла белгісі емес, ең алдымен рух пен жүректің символы ретінде интерпретациялайды. Осылайша, «Қасқыр – Бөрі» әңгімесі ұлттық мифологиялық таным мен постмодернистік көркемдік ізденістерді тоғыстыра отырып, қазақ болмысының терең қабаттарын жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді (Мағауин, 2004: 44). Жазушы шығарманың жалпы мазмұнын осы идеялық негізге құра отырып, әртүрлі әдеби ойын элементтерін шебер үйлестіреді және сол арқылы оқырманды мағыналық адасудан сақтауға ұмтылады. Автор көркемдік үдерістің ұйымдастырушысы ретінде түрлі «маскалар», көріністер мен тарихи контексттерді ұсына отырып, олардың өзара орын алмастыруы арқылы мәтіннің көпқабатты құрылымын қалыптастырады. Шығармадағы диалогтар дәстүрлі прозадағыдай классикалық формада берілмей, мәтін ағынына тікелей еніп, кей тұстарда авторлық баяндаумен астасып жатады. Бұл тәсіл постмодернистік

дискурсақа тән ерекшелік ретінде көрініп, мәтіннің құрылымдық еркіндігін арттырады және оқырман қабылдауына жаңа деңгейде ықпал етеді.

Аллюзияның көпшілікке таныс әлеуметтік-мәдени құбылыстарға сүйене отырып, көркем мәтін семантикасын тереңдететінін ескерсек, шығармада бұл тәсілдің айқын қолданылғанын байқаймыз. Кейіпкердің жеке тағдыры арқылы белгілі бір тарихи кезеңнің әлеуметтік ахуалы, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен психологиялық күйі астарлы түрде бейнеленеді. Мәтіндегі соғыс кезеңіне қатысты ишаралар – ауыл ерлерінің жаппай майданға аттануы, олардың көпшілігінің қайтып оралмауы, отбасылардың үміт пен күдік арасында өмір сүруі – тұтас бір дәуірдің трагедиялық келбетін танытады. Осы арқылы автор жеке естелік пен ұжымдық тарихи жадыны тоғыстырып, оқырман санасында кең әлеуметтік контекст қалыптастырады. Берілген үзіндіде кейіпкердің балалық шағы мен тарихи танымының көмескілігі көрсетілгенімен, соғыс шындығы оның санасында айқын әрі терең із қалдырғаны аңғарылады. Бұл – аллюзияның көркем мәтіндегі қызметін айқындайтын маңызды белгі, яғни жеке тәжірибе арқылы қоғамдық шындықты жеткізу. Осылайша, шығармада аллюзиялық тәсіл тек көркемдік құрал ғана емес, тарихи жад пен ұлттық сананы жаңғыртудың тиімді амалы ретінде қызмет атқарады (Мағауин, 2004: 45).

Әңгімеде қасқыр мен бөрі бейнелерінің тарихи трансформациясы арқылы ұлттық болмыстың эволюциясы көркем түрде бейнеленеді. Автор мыңжылдықтар бойындағы өзгерістерді символдық деңгейде көрсетіп, бөрінің қасқырға айналуы мен қайтадан бастапқы болмысына оралу идеясын әртүрлі тарихи кезеңдермен байланыстыра суреттейді. Осы арқылы шығармада «қасқыр» мен «бөрі» ұғымдарының мәні терең философиялық және мәдени астармен ашылады. Мәтінде бұл образдардың бір-бірінен ажырамас, өзара мәндес екені көрсетіле отырып, олардың айырмашылығы сыртқы кейіпте емес, ішкі мазмұнда, яғни рухани болмыста екені айқындалады. Жазушы «тері» мен «рух» ұғымдарын қарама-қарсы қоя отырып, ұлттық рухтың жойылмайтындығын, оның уақытша тарихи жағдайларға байланысты өзгеріске ұшырағанымен, өз негізін сақтап қалатынын меңзейді. Бұл тұста автор аллюзия тәсілін шебер пайдаланып, Кеңестік кезеңдегі идеологиялық қысым мен рухани күйзелісті астарлы түрде жеткізеді. Қазақ халқының ұзақ уақыт бодандықта болғаны, ұлттық рухты әлсіретуге бағытталған әрекеттердің орын алғаны көркем мәтін арқылы ишарамен беріледі. Алайда жазушы ұлттық рухтың толық жойылмағанын, оның халық жадында сақталып қалғанын ерекше атап көрсетеді. Шығарма құрылымында «қасқырдан бөріге қайта оралу» идеясы болашаққа бағытталған үміт ретінде ұсынылады. Бұл – тек көркемдік қиял емес, ұлттық жаңғыру концепциясының символдық көрінісі. Автор оқырманды осы идеяға сенуге шақыра отырып, шығарманың интерпретациясын ашық қалдырады. Осы тұрғыдан алғанда, мәтіндегі көпмәнділік пен болашаққа бағдарланған тұспал постмодернистік поэтиканың негізгі белгілерінің бірі ретінде танылады (Мағауин, 2004: 52-53). Автордың шығарманы осылайша күрт өзгеріспен аяқтауы да кездейсоқ емес. Өйткені тарихи құлдыраудан кейін қоғамның қайта жаңғыратынына сенетін көзқарас әрдайым бар. Осы тұрғыдан жазушы бастапқы «қасқыр» концепциясын қайта қарастырып, оны болашаққа үміт артатын «бөрі» идеясына бағыттайды. Бұл жерде қасқыр мен бөрі бейнелері тек

зоологиялық ұғым ретінде емес, ұлттық рухтың түрлі кезеңдердегі күйін білдіретін символдық категориялар ретінде көрінеді.

Жазушы олардың тарихи сабақтастығын көрсете отырып, «қасқыр» мен «бөрі» атауларының сырттай ұқсас болғанымен, ішкі мазмұны мен рухани деңгейі әртүрлі екенін айқындайды. Алғашқы бөрі – түпкі рухани негіздің көрінісі болса, кейінгі қасқыр – сол негізден алыстаған, рухани әлсіреген күйдің белгісі ретінде сипатталады. Осылайша, шығармада ұлттық болмыстың тарихи трансформациясы мен оның болашақтағы қайта жаңғыру мүмкіндігі концептуалдық тұрғыда ұсынылады. Автордың мәтін ішінде бөлім атауларын алмастырып, бір мазмұнды әртүрлі интерпретацияда қайта ұсынуы – «мәтін ішіндегі мәтін» (метатекст) тәсілінің көрінісі. Бұл оқырманды бір ғана мағыналық шешіммен шектемей, бірнеше интерпретация мүмкіндігін қарастыруға жетелейді. Аталған бағыттағы көркемдік ізденістердің тағы бір өкілі – Айгүл Кемелбаева. Оның «Ағаш үй» әңгімесінде постмодернистік поэтика кейіпкердің ішкі психологиялық күйін бейнелеу арқылы көрініс табады. Шығармадағы негізгі кейіпкер – жас жазушы Әсияның бойындағы үрей мен қорқыныш сезімі мәтіннің бастапқы желісін құрайды. Түс көру мотиві арқылы кейіпкер санасында қалыптасқан бейсаналық қорқыныштар, аруақтар мен иррационалды бейнелер көркемдік жүйеге енгізіледі. Әсияның қиял мен шындық арасындағы күйі, бір жағынан, шығармашылық тұлғаның ішкі әлемін танытса, екінші жағынан, постмодернистік дискурста тән тұрақсыздық пен белгісіздік элементтерін айқындайды. Кейіпкердің санасында пайда болатын көріністер – оның дүниетанымының қалыптасу үдерісімен тығыз байланысты. Жазушы бұл арқылы жас тұлғаның рухани өсуі мен қорқыныш арқылы өзін тану процесін психологиялық тереңдікпен бейнелейді. Шығарма соңындағы символикалық детальдар – табиғат көріністері мен түстік бейнелер – мәтіннің көпқабатты мағынасын тереңдетіп, оқырманға ашық интерпретация мүмкіндігін ұсынады. Бұл да постмодернистік әдебиетке тән негізгі белгілердің бірі болып табылады. (Кемелбаева, 2012). Осындай оймен әңгіме шорт үзіледі. Ал осыдан не түсіндіңіз? Постмодернизмге сай әңгіменің түйінін айтудан қашу шығар. Оны оқырманның еншісіне қалдырады.

«Ағаш үй» шығармасында автор әрекет пен қиялды, мақсат пен күйзелісті, ішкі қайшылық пен терең мұңды біртұтас көркемдік жүйеге біріктіріп, қазақ прозасында жаңа құрылымдық модель қалыптастырады.

Қорыта айтқанда, қазіргі заманғы қазақ әдебиетінде жаһандық әдеби үдеріс шеңберіндегі постмодернизм ағымының теориялық ұстанымдарына сүйене отырып жазылған туындылардың бар екендігі анық аңғарылады. Бұл шығармаларда мәтіннің фрагментті құрылымы, интертекстуалдық байланыстар, авторлық позицияның көмескіленуі, ирония мен ойын элементтерінің белсенді қолданылуы, шындық пен қиялдың шекарасының шартты сипат алуы сияқты постмодернистік поэтиканың негізгі белгілері көрініс табады. Сонымен қатар, дәстүрлі баяндау үлгілерінен бас тартып, көпдауыстылық пен мағыналық көпқабаттылыққа ұмтылу, уақыт пен кеңістік категорияларын еркін игеру, ұлттық миф пен тарихи жадты жаңаша интерпретациялау үрдісі де айқын сезіледі.

4. Зерттеу нәтижесі

Ғылыми-зерттеу мақаласын жазу барысында қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістердің мазмұндық әрі поэтикалық тұрғыдан елеулі жаңаруға түскені айқындалды. Зерттеу нәтижесінде қазіргі қазақ прозасында модернистік және постмодернистік көркемдік ұстанымдардың ұлттық әдеби дәстүрмен сабақтаса дамып, жаңа эстетикалық кеңістік қалыптастырғаны анықталды.

Біріншіден, қазіргі қазақ әңгімелерінде модернистік дүниетаным белгілері – адам болмысының дағдарысты күйін бейнелеу, жатсыну құбылысы, сана ағымы, ішкі монолог, уақыт пен кеңістіктің шарттылығы, абсурд пен хаос эстетикасы кеңінен қолданылатыны байқалды. Бұл үрдіс кейіпкердің ішкі психологиялық әлемін тереңдете ашуға, адам санасының күрделі иірімдерін көркемдік нысанаға айналдыруға мүмкіндік берген. Әсіресе сюрреалистік тәсілдер арқылы түс көру, елес, галлюцинация, қосарланған сана, қорқыныш пен үрей атмосферасын жасау қазіргі әңгімелердің көркемдік табиғатын айқындайтын белгілердің біріне айналғаны дәлелденді.

Екіншіден, зерттеу барысында мифологизм мен неомифологизм құбылысының қазіргі қазақ әңгімелерінде белсенді сипат алғаны анықталды. Жазушылар мифтік сюжеттер мен архетиптік образдарды (кентавр, көш, бөрі, т.б.) жаңаша интерпретациялап, оларды философиялық-символикалық деңгейде игеру арқылы ұлттық дүниетанымды заманауи рухани мәселелермен ұштастырады. Мифопоэтикалық құрылым шығарманың ішкі астарына көшіп, көркем мәтіннің семантикалық аясын кеңейтіп, символдық мағыналық қабатын тереңдететіні айқындалды.

Үшіншіден, постмодернистік поэтика элементтері – мәтіннің фрагментті құрылымы, интертекстуалдық байланыстар, аллюзия мен реминисценция, авторлық позицияның көмескіленуі, ирония мен ойын элементтері, көпнұсқалы финал, ашық мәтін қағидасы қазіргі қазақ әңгімелерінде орныға бастағаны дәлелденді. Шығармаларда оқырманға дайын қорытынды ұсынылмай, шешім интерпретация кеңістігіне қалдырылады. Бұл – әдебиеттің диалогтық табиғатын күшейтіп, «оқырман–мәтін–автор» қатынасын жаңа деңгейге көтергенін көрсетеді.

Төртіншіден, қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістер ұлттық рухани-тарихи тәжірибені жаңаша пайымдауға бағытталғаны айқындалды. Тарихи жады, тотемдік символдар, ұлттық архетиптер (мысалы, бөрі образы) арқылы қоғамдық санадағы өзгерістер мен рухани трансформациялар көркемдік тұрғыдан бейнеленеді. Бұл құбылыс әдебиеттің тек эстетикалық тәжірибе ғана емес, рухани-мәдени рефлексия алаңы екенін көрсетеді.

Зерттеу нәтижесінде қазіргі қазақ әңгімелері жанрлық, құрылымдық және стильдік тұрғыдан жаңару үстінде екені, модернизм, сюрреализм, неомифологизм және постмодернизм элементтерінің ұлттық көркемдік ойлаумен ұштасуы арқылы тың эстетикалық сапаға көтерілгені тұжырымдалды. Қазіргі қазақ әңгімесі дәстүрлі реалистік баяндаудан алшақтай отырып, әлемдік әдеби үдерістегі заманауи бағыттармен үндесе дамып, ұлттық әдебиеттің көркемдік көкжиегін кеңейтіп отырғаны дәлелденді.

5. Қорытынды

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ әңгімелері ұлттық әдебиеттің даму үдерісінде жаңа көркемдік сапаға көтерілгенін аңғартады. Зерттеу барысында бұл жанрдың тек тақырыптық тұрғыдан ғана емес, поэтикалық, құрылымдық, стильдік жағынан да елеулі жаңаруға түскені анықталды. Қазіргі прозада дәстүрлі реалистік баяндау үлгісімен қатар модернистік және постмодернистік эстетика элементтері кеңінен қолданылып, адам болмысының ішкі қайшылықтарын, рухани дағдарысын, қоғам мен тұлға арасындағы күрделі қатынастарды терең бейнелеуге мүмкіндік беріп отыр.

Әңгіме жанрындағы көркемдік ізденістер ең алдымен баяндау формасының түрленуімен, уақыт пен кеңістік категорияларының шарттылығымен, кейіпкер психологиясының тереңдетіле суреттелуімен, символдық және мифологиялық астарлардың күшеюімен сипатталады. Интертекстуалдық байланыстар, фрагментті құрылым, ирония, ашық финал сияқты постмодернистік тәсілдер мәтіннің мағыналық қабатын кеңейтіп, оқырманның интерпретациялық мүмкіндігін арттыра түседі. Бұл құбылыстар қазақ әңгімесінің әлемдік әдеби үдерістегі заманауи бағыттармен сабақтастығын көрсетеді.

Сонымен бірге қазіргі қазақ әңгімелері ұлттық дүниетаным, тарихи жады, мәдени архетиптер негізінде жаңаша мазмұнға ие болып, дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесімін танытады. Жазушылар көркемдік форма мен мазмұнды ұштастыра отырып, заманауи қоғамның рухани-психологиялық ахуалын бейнелеуге ұмтылады. Нәтижесінде әңгіме жанры көркемдік эксперимент алаңына айналып, әдебиеттің ішкі мүмкіндіктерін кеңейтетін эстетикалық кеңістік қалыптастырады.

Осылайша, қазіргі қазақ әңгімелеріндегі көркемдік ізденістер ұлттық әдебиеттің жаңару, түрлену, әлемдік әдеби кеңістікпен ықпалдасу үдерісін айқындайтын маңызды құбылыс ретінде бағаланады.

Әдебиеттер:

1. Абдуллина А., Доскеева Ш. Архетиптік бейне – постмодернистік әдебиеттегі дискурстық тоғысудың дәнекері // Бахтиниана: Дискурс зерттеулері журналы. – Сан-Паулу. – 2026. – 21-том, №2 (сәуір–маусым). (SciELO Brasil)
2. Аймұхамбетова Ж. Оралхан Бөкей прозасындағы мифологизм мәселесі: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Астана, 1999. – 126 б.
3. Алтай А. Казино. Абсурд әлем: новеллалар. – Алматы: Атамұра, 2008. – 368 б.
4. Андреев Л.Г. Сюрреализм. – Мәскеу: Высшая школа, 1972. – 232 б.
5. Бейбытова К. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі неомифологизм // Еуразия университетінің хабаршысы. – 2002. – № 3–4. – 22–26-бб.
6. Галиева А. Қазіргі қазақ романы құрылымындағы мифопоэтикалық пішіндер: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2006. – 26 б.
7. Жарылғапов Ж.Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер: монография. – Қарағанды: «Гласир» ЖШС, 2009. – 400 б.
8. Исмакова А.С. Қазақ көркем прозасы: поэтикасы, жанры, стилі (XX ғасырдың басы және қазіргі кезең). – Алматы: Ғылым, 1998. – 394 б.
9. Кемелбаева А. Жазушы ізгіліктің иесі болуға тиіс // Abai.kz. – 2012. – 30 сәуір.
10. Мағауин М. Тазының өлімі: хикаят, әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2004. – 256 б.
11. Майтанов Б. Қазіргі қазақ прозасындағы модернистік және постмодернистік ағымдар // Қазақ әдебиеті. – 2004. – № 43. – 8–9-бб.

12. Мәсімханұлы Д. Ағымдар мен ағыстар // Қазақ әдебиеті. – 2013. – 17 мамыр. – № 20.
13. Мырзахмет А. Ханшайым. – Алматы: Жалын, 2013. – 192 б.
14. Саметова Ж.Ш. Қазіргі қазақ прозасындағы көркемдік ізденістер мен ағымдар және оны оқыту (XXI ғасыр): философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы: Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, 2021. – 181 б.
15. Сафронова Л., Абиден А. (2025). Түстердің абсурдты қабаттасуы және перспективалардың асимметриясы: Х. Әдібаев пен М. Әдібаевтың «Егіздер шоқжұлдызы» романының модернистік-постмодернистік құрылымдық ерекшеліктері // Керуен. – 89(4). – 30–44-бб. DOI: 10.53871/2078-8134.2025.4-02.
16. Сұлтанғалиева Р., Сағынбаева Д. (2025). Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі қуыршақ феномені // Керуен. – 89(4). – 195–207-бб. DOI: 10.53871/2078-8134.2025.4-14.

References:

1. Abdullina A., Doskeyeva Sh. The Archetypal Image as Medium of Discursive Convergence in Postmodern Literature // Bakhtiniana, São Paulo, 21 (2): e68911e, April/June 2026 (eng)
2. Aimukhambetova Zh. (1999). Oralkhan Bokei prozasyndagy mifologizm мәselesi [The problem of mythologism in Oralkhan Bokey's prose] (Doctoral dissertation). Astana. (kaz)
3. Altai A. (2008). Kazino. Absurd alem: novellalar [Casino. The World of Absurdity: Novellas]. Almaty: Atamura. (kaz)
4. Andreev L.G. (1972). Siurrealizm [Surrealism]. Moscow: Vysshaya shkola. (rus)
5. Beibytova K. (2002). Neomifologizm sovremennoi kazakhskoi literatury [Neomythologism in Modern Kazakh Literature]. Vestnik Evraziiskogo universiteta, (3-4), 22-26. (rus)
6. Galiyeva A. (2006). Qazirgi qazaq romany qurylymyndagy mifopoetikalıyq pishinder [Mythopoetic Forms in the Structure of the Modern Kazakh Novel] (Dissertation abstract). Almaty. (kaz)
7. Zharylgapov Zh.Zh. (2009). Qazaq prozasy: agymdar men adister [Kazakh Prose: Trends and Methods]. Karaganda: Glasir. (kaz)
8. Ismakova A.S. (1998). Kazakhskaya khudozhestvennaya proza. Poetika, zhanr, stil' (nachalo XX veka i sovremennost') [Kazakh Fiction: Poetics, Genre, Style (Early Twentieth Century and Modernity)]. Almaty: Gylm. (rus)
9. Kemelbayeva A. (2012, April 30). Zhazushy izgilikting iesi boluga tiis [A Writer Should Be a Bearer of Goodness]. Abai.kz (kaz)
10. Magauin M. (2004). Tazynyn olimi: Khikaiat, angimeler [The Death of the Tazy: Novella and Short Stories]. Almaty: Atamura. (kaz)
11. Maitanov B. (2004). Qazirgi qazaq prozasyndagy modernistik zhane postmodernistik agymdar [Modernist and Postmodernist Trends in Modern Kazakh Prose]. Qazaq adebiyeti, (43), 8–9. (kaz)
12. Masimkhanuly D. (2013, May 17). Agymdar men agystar [Trends and Currents]. Qazaq adebiyeti, (20). (kaz)
13. Myrzakhmet A. (2013). Khanshaiym [Princess]. Almaty: Zhaly. (kaz)
14. Sametova Zh.Sh. (2021). Qazirgi qazaq prozasyndagy kormemdik izdenister men agymdar zhane ony oqytu (XXI gasyr) [Artistic Explorations and Trends in Modern Kazakh Prose and Their Teaching (21st Century)] (Doctoral dissertation). Almaty: Kazakh National Women's Teacher Training University (kaz)
15. Safronova L., Abiden A. (2025). Tusterdin absurtty qabattasuy zhane perspektivalardyn asimmetriasy: Kh. Adibaev pen M. Adibaevtyñ «Egizder shoqzhuldyzy» romanynyn modernistik-postmodernistik qurylymdyq erekshelekteri [The Absurd Layering of Colors and the Asymmetry of Perspectives: Modernist-Postmodernist Structural Features of Kh. Adibaev and M. Adibaev's Novel // The Gemini Constellation]. Keruen, 89 (4), 30-44. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.4-02> (kaz)
16. Sultangaliyeva R., Saginbayeva D. (2025). Qazirgi qazaq angimelerindegi quyrshaq fenomenı [The Doll Phenomenon in Modern Kazakh Short Stories]. Keruen, 89(4), 195–207. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.4-14> (kaz)